



# Сыр бойы

№66 (21141) 7 мамыр, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

## ЖАРЛЫҚ

Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ  
Астана, Ақорда,  
2026 жылғы 6 мамыр  
№ 1267

### /// ПРЕЗИДЕНТ

## ЕРЛІК ДӘРІПТЕЛЕ БЕРЕДІ



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сардарлар мен сарбаздарды, жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы күнімен және Жеңіс күнімен құттықтап, мемлекеттік марапат және әскери шен тапсыру рәсімінде сөз сөйледі.

– Қос мерекенің мән-мазмұны – үндес, тағылымы – ортақ. Осы мейрамдарда еліміздің ерлік дәстүрі кеңінен дәріптеледі. Біз бұл күндері жұртымызға қорған болып жүрген ерлерге құрмет көрсетеміз. Сондай-ақ сұрапыл соғыста Отан үшін от кешкен батырлардың рухына тағзым етеміз. Қазақ – шекарасын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен бекемдеген қаһарман халық, ержүрек ұлт. Батыр бабаларымыз ел тағдыры сыңға түскен сәтте бір Тудын астына жиналған. Бірлігін нығайтып, жұртын жаудан қорғаған. Байтақ даланы көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманат еткен. Осы аманатқа адал болу

– біздің кастерлі борышымыз. Біртұтас Қазақстан халқы мұны жақсы түсінеді. Наурыз айындағы конституциялық реформа – соның айқын дәлелі. Саяси науқан кезінде біз ең алдымен өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып, тарихи таңдауымызды жасадық. Бәріміз бір ел болып, жаңа Конституцияны қабылдадық. Мұны ұлт болашағына тікелей ықпал ететін аса маңызды шешім десек, қате болмайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституция мемлекеттігіміз бен егемендігіміздің мызғымас кепілі екенін атап өтті.

2-бет



## НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ – ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Төрт жылдан астам уақытта Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен облыста үлкен өзгерістер жасалды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа деңгейге көтеріліп, жарқын жетістіктер республикаға үлгі ретінде ұсынылды.

Сыр елі – Президенттің ерекше қамқорлығы мен қолдауына ие аймақ. Мемлекет басшысы аталған төрт жылдың ішінде өңірге үш мәрте жұмыс сапарымен келді. Биыл жыл басында Құрылтайдың қорытынды жиыны Қызылордада өтті. «Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күршіші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы

жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді», – деген Мемлекет басшысы облыста қарқынды даму барын, бұл Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі екенін айрықша атап өткен болатын. Бір ғана мысал, облыс бюджетінің көлемі 2022 жылдың 1 сәуірінде 391,4 млрд теңгені құраса, 2026 жылдың сәйкес кезеңінде 728,2 млрд теңге болды. Даму бюджетінің көлемі 2022 жылдың 1 сәуірінде 27,5 млрд теңге

болса, 2026 жылдың сәйкес кезеңінде 79,6 млрд теңгені құрады. Редакциямызға Нұрлыбек Машбекұлының аймақтағы қызметі мен әрбір саладағы жетістіктер бойынша қоғам қайраткерлері және зиялы қауым өкілдерінен хаттар келіп тұсуда. Біз солардың бірқатарын және төрт жылдың өзегінде атқарылған істердің бір парасын оқырманға ұсынуды жөн санадық.

3,4,5-беттер

### /// ӨРКЕН

## СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ КЕЗЕКТІ ҚОНЫСТОЙ

Отан қорғаушы күні қарсаңында қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен сол жағалаудағы 240 пәтерлік 6 көпқабатты тұрғын үй кешенін иелеріне табыстау рәсімі өтті. Оған мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, түрлі сала мамандары, құрылыс мекемелерінің қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Алдымен қала әкімі жиналған жұртшылықты Отан қорғаушы күнімен және қоныстоймен құттықтап, тұрғын үй құрылысы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында: «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажет. Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру» деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауының арқасында, облыс әкімінің үйлестіруімен бұл бағыттағы жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде шаһарымызда жыл басынан бері 655 отбасы қоныс тойын тойлады. Жыл соңына дейін тағы 1 581 пәтер пайдалануға беріледі. Биылдың өзінде бюджеттен тұрғын үй құрылысына 58 млрд теңгеге жуық қаражат бөлініп отыр. Бұл қаражатқа 31 көпқабатты үй салынады. Оның 945 пәтері ипотекалық, 1336 пәтері әлеуметтік осал топтарға арналған. Ерекше атап өтуіміз қажет, кейінгі жылдары қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Бүгін міне, айтулы мерекелер қарсаңында 6 көпқабатты тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Бұл кешеннің аумағы 15 600 шаршы метр, құрылысты Сыр өңірінде талай жылдан бері қолтаңбасы қалған мердігер мекемелер салды.

Қоныстарыңыз құтты болсын! Шаһарактарыңыз жылудық пен мейрімге, балалардың шат күлкісіне



тоқтасын. Сіздерге жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілейміз. Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді қала әкімі.

Жиында тұрғын үйді сапалы етіп салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында «Абу-Сер», «Интегро-

строй», «Авангард ПГС», «Астана-Сервис», «Промстройсервис Е», «Аман құрылыс» ЖШС бар.

– Құрылысты бытыр мамыр айында бастадық. Бүгін пәтер кілтін тұрғындарға табыстап, қуанышты сәттің куәгері болып жатырмыз. Тұрғын үй кешенінде барлық жағдай

қарастырылған. Жылу жүйесі, жарық, суы, газ плитасы берілді. Бастысы, құрылыс сапалы әрі уақытында аяқталды. Біз бір тұрғын үйді салдық. Онда 40 пәтер бар. Бәрін қазіргі заман талабына бейімдедік. Жалпы «Аман құрылыс» ЖШС құрылыс саласында қаншама жыл еңбек етіп келеді. Тұр-

ғын үй, мектеп, балабақша сынды әлеуметтік нысандар салып, ел игілігіне беруде. Соның бірі – осы тұрғын үй кешені. Алдағы уақытта да ірі жобаларды жүзеге асырамыз, – дейді құрылыс мекемесінің шебері Батырбек Кауқаев.

Пәтер кілтін алғандардың бірі, көпбалалы ана Айдана Ниятованың қуанышында шек жоқ. Оның үй кезегінде тұрғанына 15 жыл болыпты. Жакында мамандар хабарласқан. Осылайша төртінші қабаттан үш бөлмелі пәтер бұйырыпты. Қуанышына жақындары да жиналыпты. Айтпа кету керек, өңірде халықты баспанамен және әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Үй кезегінде тұрған қаншама азамат баспанаға қол жеткізіп, қоныс тойын тойлауда. Бүгінгі шара да – соның айқын көрінісі.

Шара соңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жаңа пәтер иелеріне жылы лебізін білдіріп, ақ батасын берді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## ЕРЛІК ДӘРІПТЕЛЕ БЕРЕДІ

– Бас құжатта халқымыздың мүддесі, максат-мұраты мен бірегей құндылықтары көрініс тапты. Жана Ата Заңда Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, бірлігін күшейту бұлжымас қағидат ретінде айқындалды. Адам капиталын, білім-ғылымды, инновацияны дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекітілді. Осылайша, біз Заң мен тәртіп үстемдік құратын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін, Әділетті, Қуатты, Өркениетті мемлекет құру жолына бет алдық. Қазақстанның мақсаты – биік, бағдары – айқын. Ырысты ынтымағымызды және берекелі бірлігімізді сақтай білсек, осы мұратымызға жетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент егемен еліміз Қарулы күштерге зор сенім артып отырғанына тоқталды.

– Бүгінде Қазақстанның айбынды армиясы батыр бабалардың даңқты жолын лайықты жалғастырып келеді. Сайыпқыран сарбаздарымыз – қасиетті Тәуелсіздігіміздің берік қалқаны. Олар еліміздің тыныштығын, жеріміздің тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Күштік құрылымдар заң үстемдігін, қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Құтқарушылар қатерден қайыпқай азаматтардың амандығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүр. Жауынгерлеріміз күрделі міндеттерді табысты орындап, халықаралық тұрақтылықты нығайту ісіне де зор үлес қосуда. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын дербес орындау мәртебесіне ие болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ішіндегі жалғыз мемлекет. Бұл әлем елдерінің қазақ армиясына деген сенімі жоғары екенін көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сарбаздарымыз арнайы жасақтар мен күштік құрылымдар арасындағы жаһандық додаларда тамаша жетістікке қол жеткізіп жүргенін айтты.

– Биыл Дубайда өткен ауқымды халықаралық жарысқа еліміздің бес командасы қатысып, жүлдемен оранды. Байрақты бәсекеде бірінші және екінші орынды Қазақстан құрамасы еншіледі. Әсіресе, әйелдер арасында топ жарған «Томирис» командасының қарым-қабілетіне жаһан жұрты тәнті болды. Мұның бәрі де – рухы мықты, қажыр-қайраты мол, Отан алдындағы

1-бет



антқа адал сарбаздарымыздың ерен еңбегінің жемісі екені айқын. Мемлекет осындай айбынды жауынгерлерімізді қашанда қолдайды. Бұл – ең алдымен, ел мүддесі үшін, яғни, ұлтымыздың келешегі үшін аса маңызды міндет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бүгінгі таңда армияны заман талабына сай нығайтып, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға қажетті барлық шара қабылданып жатқанына назар аударды.

– Қауіпсіздік мәселелері, еліміздің қорғаныс қабілетін күшейту, қызметтердің беделін көтеру – негізгі мемлекеттік басымдықтар мен міндеттер. Соңғы жылдары әскери қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы органдар қызметкерлеріне кеңінен қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, ипотекалық бағдарламалар іске қосылды, еңбекақы көлемі кезек-кезегінен артып, әлеуметтік жеңілдіктер көбейді. Күштік құрылымдар сапына жастарды көптеп тартып, қарлық әлеуетті нығайту ісіне көңіл бөлінуде. Мен әскери оқу орындарының үздік түлектерін ынталандыру жөнінде тапсырма бердім. Парламентке үздік білім алушыларға оқуды тоқтатпаған кезде бірден «аға лейтенант» дәрежесін беруге қатысты тиісті түзетулер қарастырылып жатыр. Жалпы, биыл және келесі жылдар әскери білім беру сапасын арттыруға арналуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, еліміздің аумақтық тұтастығын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «Заң және тәртіп» идеологиясын орнықтыру – жауапты әрі жасампаз патриотизммен тығыз ұштасатын аса маңызды міндет.

– Біз құқықтық нигилизмге жол бермейтін, аңыздағы немесе қолдан жасалған «батырларды» емес, бұрынғы және бүгінгі нағыз қаһармандарды құрмет тұтатын үйлесімді қоғам құруымыз қажет. Туған елі мен халқының игілігі жолында адал қызмет еткен, ар мен намысты бөрінен биік қойған азаматтар жастарға үлгі болуға тиіс. Олардың қатарында қаза тапқан кейін ерліктері мен батырлықтары еленіп, орден-медальмен марапатталған әскерлер, полицейлер, құтқарушылар, арнаулы орган қызметкерлері де аз емес. Менің бастамамен олардың есімдері көшелер мен түрлі мекемелерге беріліп жатыр. Мұндай тәсілді ведомстволық наградаға қатысты да пайдалануға болады. Осындай алғашқы марапаттың бірі – он бес жыл бұрын жанынан безген терроршыны ұстау барысында қаза тапқан полиция капитаны Ғазиз Байтасов атындағы медаль. Біздің мақсатымыз – батырларымыздың ерлігін мәңгі есте қалдыру, отандастарымыздың жарқын бейнесін жүрегімізде сақтау, өскелең ұрпақты нағыз ерлікке, қайсарлыққа және шынайы патриотизмге тәрбиелеу, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, ерлік ешқашан ескірмейді.

– Баһадүр бабаларымыз рухы асқақ, намысы биік екенін ерен ерлігімен дәлелдеп келді. Даңқты ерлеріміз Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қайтпас қайсарлықтың озық үлгісін көрсетті. 500-ге жуық жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Алайда көптеген майдангердің ерлігі еленбей қалғаны да жасырын емес. Ұлттың қорған болған ержүрек жауынгерлердің есімін ұрпақ жадында сақтауымыз керек. Бұл – біздің перзенттік парызымыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда отандасымыз Кенжебай Мәденовтің ерлігін ерекше атап өтті.

– Ұлы Отан соғысының соңында ол взвод командирі ретінде қандықойлек жолдастарымен бірге Берлиннің Ратуша гимаратына Жеңіс туын ілді. Бұл нацистік режимнің күйреуін көрсеткен, майдангерлердің рухын көтерген, шабуылды одан әрі үдете түсуге дем берген сәт еді. Оның қаһармандық жолы туралы маршал Георгий Жуков және басқа да мықты қолбасшылар, сондай-ақ жеңіспен аяқталған қанды шайқас жөнінде қалам тербеген журналистер де жазды. Өкінішке қарай, бұл тарихи мән-маңызы айрықша даңқты ерлік осы кезге дейін лайықты бағасын алған жоқ. Сондықтан мен Ұлы Отан соғысында көрсеткен жандықарлығы мен батылдығы үшін марқұм Кенжебай

Мәденовке «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Осылайша, біз бүгін бір ел болып тарихи әділдікті қалпына келтіріп отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өткенге зор құрметпен, болашаққа үлкен үмітпен қарайтын бейбіт ел екенін жеткізді.

– Біз кез келген қақтығыс дипломатиялық жолмен, келіссөздер арқылы шешілуге тиіс деп есептейміз, әрқашанда «ас пен тас» стратегиясын жүргізуге дайын болуымыз қажет. Біз халықаралық құқық қағидаттары мен нормалары қатаң сақталуы керек деп санаймыз. Қазақстан әлемнің барлық елімен достық қарым-қатынасын нығайта береді. Осы мызғымас ұстанымдар жана Ата Заңымызда нақты айқындалды. Бірақ бұл қамсыз отыру қажет деген сөз емес. Еліміз түрлі сынкәтердің алдын алуға және кез келген қауіпке төтеп беруге дайын болуға тиіс. Сондықтан мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін күшейтіп, әскерімізді ең бірінші кезекте технологиялық тұрғыдан жаңғырта беруіміз қажет. Бұл – қазіргі тұрақсыз, құбылмалы заманның талабы, соны ескере отырып, ең алдымен, Қарулы күштерімізді және әскери мекемелерімізді түбегейлі реформалау керек. Бұл – стратегиялық маңызды зор міндет, оны созбай, екі жыл ішінде орындау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда «Батыр елі үшін туады» деген сөз барын, елге қорған болу ең абыройлы қызмет екенін айтты.

– Нағыз патриот азамат үшін бұдан асқан мәртебе жоқ. Күштік құрылым қызметкерлерінің күнделікті табанды еңбегі ел үшін жасалған ерлік екені сөзсіз. Сіздер әрқайсысыңыз сертке берік болып, Отан алдындағы міндеттеріңізді мінсіз орындап жүрісіздер. Мен Мемлекет басшысы және Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгін сіздерге әскери атақ пен сыйныптық шеңбері туралы тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұған қоса бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградам марапаттау туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға құтты болсын! Өскелең ұрпақ сіздерге қарап бой түзейді, туған елге адал болуды үйренеді. Сіздер жастарға үлгі болып, қол көрсетіп, әрдайым үлгі мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Айбынды армиямыздың абыройы арта берсін! – деді Президент.

### /// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылу беру маусымының қорытындысы және алдағы кезеңге дайындық барысы талқыланды.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте жауапты тұлғаларға барлық әлеуметтік нысанды қыркүйек айына дейін, мектептерді тамыздың соңына дейін жылу беру маусымына толық дайындау тапсырылды.

Жалпы өңірде 2025-2026 жылғы жылу беру маусымы штаттық режимде өтіп, сәуір айында аяқталды. Қазір алдағы жауапты маусымға дайындық жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 7 млрд 400 млн теңге қаржы қаралған. Республикалық бюджеттен бөлінген 3 млрд 622 млн теңгеге 6 жобаның құрылысы аяқталып, қабылдануда. Сонымен қатар, 1 газтурбиналық қондырғы, 14 бұйым қазандығы мен 21 автономды қазандық жөндеуде.

Мемлекет басшысының қолдауымен «Акса Энерджи» компаниясы Қызылордада 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығын салды. Бүгінде орталықта 176 мегаватт электр энергиясы өндірілуде, 4 су жылыту қазандығы пайдалануға берілді. Қосымша қуаттылықтар мамыр айының соңына дейін, жалпы орталық алдағы жылу беру маусымында толық іске қосылып, тұрғындарды жылумен, электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етеді.

## АРНАЙЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен арнайы инвестициялық кеңес отырысы өтті. Күн тәртібінде инвесторлар мен бизнес өкілдерінің өтініштері, инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындаған мәселелер және оларды шешу жолдары, Бас прокуратураның ұсыныстары, инвесторлармен өзара іс-қимыл процесін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Экономиканы әртарапандыруда алдағы үш жылда 48 инвестициялық жоба шеңберінде 10308 жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл 21 жобаны іске қосу жоспарланған. Бұдан бөлек, 1 трлн теңгенің 14 ірі жобасының құрылысы басталып, 5 инвестициялық жобаның құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін тағы 9 жоба қолға алынады.

Мемлекет басшысының Қатар еліне жасаған жұмыс сапары нәтижесінде Қызылордада салынатын қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ қондырғысына 250 гектар жер телімі бөлінді. Қазіргі уақытта техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде.

Инвестициялық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес арнайы өңірлік инвестициялық штаб құрылған. Өткен жылы штабтың 9 отырысы өткізіліп, 30 инвестициялық жобаға қолдау көрсетілді. Ал биыл 3 отырыста 12 жоба бойынша нақты шешім қабылданды.

Сонымен қатар, 10 инвестор инвестициялық келісімшартқа қол қойып, келендік баждан босатылып, жер телімі түрінде грант алды. Жаңа жобаларға инвестор тарту мақсатында 50-ден астам офлайн және онлайн форматтағы кездесу өткізілді.

### /// МӘМІЛЕ

## ӨҢІРДЕ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ ЖОСПАРЛАНУДА

Облыс әкімдігінде өңірге арнайы іссапармен келген «Vana International Holding» халықаралық компаниясының өкілдерімен кездесу өтті.

Кездесуде тараптар әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту, оны сенімгерлік басқаруға беру арқылы заманауи тетіктерді енгізу және халықаралық стандарттарға сай тиімді логистикалық хаб қалыптастыру мәселелерін талқылады. Қызылорда облысының әкімдігі мен «Vana International Holding» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жаңа жоба өңірдің транзиттік әлеуетін

арттырып, ішкі және халықаралық көлік дәліздерімен тиімді интеграциялануына жол ашады. Сонымен қатар аймақтың инвестициялық тартымдылығына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына серпін бермек.

Еске салайық, 2024 жылғы 12 қарашада Премьер-министр Олжас Бектеновтің қатысуымен Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілген болатын. Заманауи талаптарға сай нысан өңірдің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтерді. Қазіргі уақытта әуежайдан аптасына 28 рейс, атап айтқанда, Астана қаласына 20, Алматы

қаласына 8 рейс ұшады. Өткен бірінші тоқсанда әуежай қызметін пайдаланған жолаушылар саны 47,6 мың адамға жетіп, бұлтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 58,5 пайызға артқан. Әуе тасымалына деген сұраныстың тұрақты өсімі, жүк айналымының ұлғаюы болашақта Қызылорда облысының ірі көлік-логистикалық тораптардың біріне айналдырады.

Жоспарланған сауда-логистикалық орталық тек инфрақұрылымдық жоба ғана емес, өңір экономикасының жаңа драйверіне айналатын және халықаралық сауда, инвестиция ағынын бұруға бағытталған стратегиялық қадам болмақ.

### /// ТАҒАЙЫНДАУ

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімдігінде өткен мәжілісте «Қызылорда электр тараптары компаниясы» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен компанияның басқарма төрағасы лауазымына тағайындалған Жантасов Бауыржан Русланұлы таныстырылды.



Жаңа басшыға өңірді электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету, электр желілері мен қондырғыларының тозу деңгейін төмендету, компанияның қаржылық жағдайын тұрақтандыру және ретке келтіруде нақты шаралар қабылдау міндеттелді. Сонымен қатар, алдағы жылу беру маусымына уақытылы дайындықты күшейту тапсырылды.

Бауыржан Жантасов 1978 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Алматы энергетика және байланыс университетінде «Инженер-электрик» мамандығы бойынша білім алған. «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі. Германияның Бернбург қаласындағы Анхальт қолданбалы ғылымдар университетінде «Энергетикалық саясат және халықаралық сауда» мамандығында іскерлік басқару магистрі бойынша оқыған.

Еңбек жолын «KEGOC» акционерлік қоғамында электр монтері болып бастаған. Әр жылдары «ПромСтрой-Энерго», «Кернеу» серіктестіктерінде, «Алатау жарық компаниясы» акционерлік қоғамында түрлі жауапты қызметтер атқарған, кәсіпорындардың жағдайын жақсарту, тиімді басқару бағытында нәтижелі жұмыс істеген.

## ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен Wabtec арасындағы стратегиялық әріптестіктің негізгі бағыты ел аумағында әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды көздейді. Соның бірі – Арал ауданындағы оқушыларға арналған заманауи ығармашылық сарайы.

Ұлттық компанияның бастамасы аясында 100 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебін» біріктірген, балаларға қосымша білім беретін заманауи инфрақұрылым құрылады. Негізгі мақсат – өскелең ұрпақты шығармашылық әлеуетін дамыту.

Жалпы ауданы 1950 шаршы метрлік кешенде түрлі бағыттағы үйірмелер, өнер және қосымша білім беру кабинеттері орналасады деп жоспарлануда. Бұл оқушылардың бейіміне қарай сапалы қосымша білім алуына, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Жұмысқа 120-дан астам маман тартылып, нысанға отандық құрылыс материалдарын пайдалану арқылы жергілікті өндірісті қолдауға да басымдық берілмек. Оқушылар сарайы ел игілігіне айналғаннан кейін 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Аталған жоба өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, балалар мен жастар үшін қолайлы орта қалыптастыруға және елді мекен тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға оң ықпал етеді.



# Ынтымақ. Ырыс. Ықылас



## АЙҚЫН ҚОЛТАҢБАСЫ БАР

Нұрлыбек Машбекұлы – осы өңірдің тумасы. Сондықтан ол қай кезде де туған жерінің өсіп-өркендеуіне мүдделі әрі жауапты азаматтардың бірі. Оның көрінісі, облысқа басшы болып келгелі өзіне жүктелген міндетті терең сезініп, аймақ тұрғындары үшін аябай қызмет етті. Барлық сала бойынша жүйелі атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқын алып, аз ғана уақыт ішінде Қызылорда облысы республикада алдыңғы қатардан көрінді.

Сыр өңірінің тіршілік тамыры саналатын ауыл шаруашылығы саласы да оның тікелей қолдауының нәтижесінде жана сапалық деңгейге көтерілді. Атап айтар болсақ, аграрлық сектор заманауи технологияға бейімделіп, салада тек өнім өндірумен шектелмей, ресурсты тиімді пайдалану, шифрландыру және ғылыми негізге қошу бағытында қарқынды жұмыстар қолға алынды.

Шаруашылықтардың ісі ілгері басып, сүйексінінше өнім көлемі арта түсті. Су пайдалану, өткізгі артарандыру мәселесі де оңтайлы шешілді. Одан бөлек, ауыл халқына әлеуметтік

көмек көрсетіп, тұрмыстық ахуалын көтеруге баса назар аударылды. Уақыты келгенде бірлесіп атқарылған жұмыстар жемісін беріп, берекеге ұласты.

Иә, Нұрлыбек Нәлібаевтың тұсында Мемлекет басшысының Сыр еліне үш мәрте қызметтік сапармен келуі, Ұлттық құрылтайдың V отырысының біздің өңірде өтуі біраз жайтты аңғартса керек. Бұл орайда Н.Нәлібаевтың атқарған жұмысы Президент тарапынан бірнеше мәрте жоғары бағаланып отырғаны да айтып өткеніміз жөн.

Елді елең еткізген жаңалық, Нұрлыбек Нәлібаевтың Премьер-министрдің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалуы да Мемлекет басшысының оған деген берік сенімінің айғағы екенін білуге болады.

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қажырлы еңбек етіп, айқын қолтаңбасын қалдырған Нұрлыбек Машбекұлының жана қызметіне абырой тілеп, сенім артпаймыз.

Имамзада ШАҒЫРТАЕВ,  
Қазақстанның Еңбек ері

## ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Сыр өңірі басшылығына Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев келгелі облыстың барлық саласының дамуында оң динамика орнықты.

Облыс экономикасының макро-көрсеткіштері, соның ішінде өнеркәсіп, инвестиция, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларындағы өсім басқа өңірлерді өзіне қарата білді. Кейінгі 4 жылда аймақ экономикасына тартылған инвестиция көлемі 230 пайыздан жоғары артқаны белгілі.

Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығы салынды. Бұл орталық электр энергиясымен өңірмізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік алып келді.

Білім саласында да бірегей өзгерістер орын алды. Дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар, 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында заманауи техникалық жаракталған «Келешек мектептері» Қызылорда қаласы мен бірнеше ауданда есік ашты. Мәдениет саласында оң өзгерістердің орын алғаны баршаға аян.

Қызылордада өткен V Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы біздің облысымыздың қарқынды дамуына ризалық білдірді. Президент соңғы үш жылда 34 білім, 45 мәдениет ошағының, 40 медициналық нысанның ашылғанын мысал ете отырып: «Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың

белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деп атап көрсетті.

Нұрлыбек Нәлібаев қандай іс бастаса да тәжірибелі мамандармен ойласа отырып, қиындықты ақылмен шеше білді, айтқан үлкен шықты. «Баталы ер арымас» деген, қашан да жақсы істің басына ардагерлерді шақыруды ұмытпады.

Қарттарға, ана мен балаға көрсетілер құрметті бірінші орынға қойды. Қарқынды тұрғын үй құрылысы бір сәтке тоқтаған жоқ, соның нәтижесінде көп жыл баспанға қолы жетпей жүрген жүздеген жерлесіміз қоныс тойын тойлап жатты.

Мәдениетке, спортқа көп көңіл бөлінді. Қызылордада жаңа стадион, заманауи «Өнер орталығы» бой көтерді.

«Анаға тағзым», облыстық өлкетану музейі, «Шығармашылық академиясы» салынды. Барлық аудандарда «Руханият орталықтары» өз жұмысын бастады. Жақында ғана жаңа театрдың және еліміздегі үшінші Президенттік кітапхананың іргетасын қалау рәсімі өтті. Осылайша, Н.Нәлібаев туған жерге деген перзенттік парызына адал қызмет етті.

Ел басқарудың, халық аманатын орындаудың үлкен тәжірибесінен өткен Нұрлыбек Машбекұлы Ел Президентінің сенімін ақтап, жаңа қызметіне абырой биігінен көрінсін. Әрқашан қазаққа жасаған қызметі атын асқақтата берсін!

Бекмырза ЕЛАМАНОВ,  
қоғам қайраткері

## ІСКЕРЛІК МЕКТЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

Нұрлыбек Машбекұлының ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалуы оны білетін еліміздің өсіп-өркендеуіне тілектес барша Қазақстан халқы үшін үлкен қуаныш. Олай болғанын, Н.Нәлібаев аймағымызды басқарған төрт жыл көлемінде дұшпаны да кеміте алмайтын ауқымды істер атқарып, ұйымдастыру қарым-қабілет мүмкіндігінің ең жоғары деңгейін көрсетті.

Оның басқару кезеңінде инвестициялар тартылып, ірі инфрақұрылымдық жобалар қарқын алды. Сыр өңірі құрылыс алаңына айналды. Соның арқасында бірнеше мыңдаған тұрғын жұмыспен қамтылды. Өндіріс, құрылыс, газдандыру, мәдениет пен өнер, білім және денсаулық сақтау салаларына қажетті жүздеген нысан бой көтерді. Қызылорда қаласы мен

аудан орталықтары келбетін өзгертті. Аймағымыздың шеткі елді мекендерінде ел-жұрттың жылдар бойы күтіп жүрген әлеуметтік зору мәселелері оң шешімін тапты. Халықтың тұрмыс жақсарды.

Нұрлыбек Машбекұлы – сөзбұйдаға жаны қас, жедел һәм нақты шешімшің адамы, ескерімділіктің үлгісі, іскерлік пен тәжірибе мектебі, туған жерге тамырын байлаған, перзенттік парызын маңдай термен, еңбекқорлықпен, тіпті бейнетқорлықпен өтеп жүрген азамат.

«Үлкен кемеге шалқар теңіз керек» дегендей, Үкімет жұмысын жаңа деңгейге көтереді деген сенімдемін. Қызметіне сәттілік серік болсын деп тілеймін.

Сәнен АНСАТ,  
қоғам қайраткері

## ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ КЕЗЕҢ

Қызылорда облысының басшылығын Нұрлыбек Нәлібаев атқарған төрт жылда барлық салада серпін байқалды. Жүйелі әрі нәтижелі жұмысымен ел сеніміне ие болды. Іскерлігі мен біліктілігінің арқасында Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артып, қала мен ауыл жағдайы әлдеқайда жақсарды.

Ол тәлім-тәрбиесін, көрген-білгенін, жиған тәжірибесін өңірдің дамуына арнады. Еселі еңбектің арқасында өзгелерге үлгі болып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Ең алдымен халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, оны шешуді алдыңғы орынға қоя білді. Тұрмысты, мәдени, рухани ахуалды реттеудің жолдарын қарастырды.

Ел бірлігін нығайту, үлкендерді құрметтеу, сыйлау, елеулі еңбекті бағалау, әріптестеріне үлгі ету басты қағидасына айналды. Толымды істерінің арқасында аймағымыз гүлденіп, күн өткен сайын сәулетіне көрік қосып, құлпырды. Жаңа ғимараттар ашылып, ел игілігіне берілді. Ел ағаларын жанынан қалдырмай, халықтың қуанышына ортақтастық.

Жетістікке толы төрт жылда облысқа өзге елдерден, өңірлерден делегациялар көптеп келіп, тәжірибе алмасу, жоғары деңгейде ұйымдастырылған түрлі іс-шараларға қатысты. Мұның бәрі – іскер басшының мол тәжірибесі мен қабілетін нәтижелі жұмыстармен ұштастыра білгені.

Нұрлыбек Машбекұлы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен аса жауапты қызметке тағайындалды. Бұл оның кәсіби біліктілігіне, мол тәжірибесіне және ел мүддесі жолындағы адал қызметіне берілген жоғары баға деп білеміз. Үлкен сеніммен қатар, аса жауапты міндет жүктейтін маңызды кезең.

Ибрагим АБИБУЛЛАЕВ,  
еңбек ардагері

## АЙМАҚ ДАМУЫНДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ЖЫЛДАР

Кейінгі төрт жылда Сыр өңірі қарқынды дамыды. Бұл облыс бюджетінің артуына тікелей қатысты.

Қаржы саласының ардагері ретінде айтарым, бюджетке түсетін әрбір теңге оңайлықпен келмейді. Ол үлкен жауапкершілікті, табандылықты, иждағаттылықты қажет ететіні даусыз. Бұған төрт жылдан астам уақыт бойы облыс әкімі қызметін атқарған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың ерекше еңбек

сіңіргенін атап өтеміз. Қомақты қаржы есебінен өңірде қаншама игілікті іс, жаңашыл жоба, байыпты бастама жүзеге асты. Көптеген жаңа ғимарат бой түзеп, халықтың игілігіне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен құрылтайда аймақта жүзеге асып жатқан ауқымды жұмыстарға жоғары бағасын берді. 2022 жылдан бері жүзден астам білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау

және спорт нысандары бой көтергеніне тоқталып өтті. Барлық салада қарқынды даму байқалғанын айтты. Бұл Қызылорданың өзге өңірлерімен салыстырғанда жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын айғақтай түседі.

Нұрлыбек Машбекұлы аймақта өзінің қолтаңбасын қалдырды. Оны елдің берген оң бағасынан аңғару қиын емес.

Қамбар ӘЖБЕКОВ,  
қоғам қайраткері

## ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Кейінгі жылдары облыс әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша тұрақты өсім көрсетіп, республикада қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің біріне айналды. Жүйелі реформалар мен инвестициялық жобалар экономиканың әр саласына тың серпін берді. Ел игілігі жолында табанды еңбек етіп келе жатқан Нұрлыбек Нәлібаевтың жаңа лауазымына тағайындалуы – кәсібилік пен іскерліктің айқын көрінісі.

Аймақ өркендеудің жана деңгейіне көтерілді. Инфрақұрылым жаңарып, жана нысандар салынды. Халықтың тұрмысы жақсарды. Білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларда ауқымды жобалар жүзеге асты.

Кәсіпкерлікті қолдау, инвестиция тарту, жана жұмыс орындарын ашу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ауыл шаруашылығы саласында да нақты нәтижелерге, әсіресе, еңбек адамдарының жағдайын жасауға көп көңіл бөлінді.

Нұрлыбек Нәлібаев басшылық еткен кезеңде құрылыс саласы ерекше жанданды. Білім, спорт және мәдениет нысандары көптеп бой көтерді. Мәселен, заманауи Үстел теннис орталығы салынды. 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қолға алынды. Бұл жобаларға ондаған миллиард теңге инвестиция тартылып, өңірдің инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарды.

Аймақ экономикасын әртарапандыруда да нақты жұмыстар жүргізілді. Өндіріс пен логистика саласын дамыту басты назарда болды. Әсіресе елді мекендерді газдандыру 83 пайызға, ауызсумен қамту 100 пайызға жетті.

Жана мектептер мен балабақшалар салынды. Медицина нысандары жаңартылды. Спорт пен мәдениет нысандары көбейді. Бұл бастамалар халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталды. Қызылорда қаласы мен елді мекендердің келбеті өзгеріп, абаттандыру жұмыстары күшейді. Жана қоғамдық кеңестіктер, жолдар мен тұрғын үйлер салынып, өңірдің сәулеттік келбеті жаңарды.

Нұрлыбек Нәлібаев – жергілікті басқару жүйесін жақсы меңгерген тәжірибелі менеджер. Қызылорда облысын басқарған төрт жыл ішінде өңірдің даму қарқынын күшейтіп, ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырды. Экономикаға инвестиция тарту, әлеуметтік нысандар салу және аймақтың келбетін жаңарту бағытындағы жұмыстары оның тиімді басқарушы екенін көрсетті.

Жана қызмет – Премьер-министрдің бірінші орынбасары лауазымында осы тәжірибесін республикалық деңгейде жалғастырып, ел дамуына үлес қосады деген сенім бар.

Наждадин МУСАБЕВ,  
қоғам қайраткері

## ІСТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН АЗАМАТ

Қос мерекенің алдында өңірімізде үлкен жаңалық болды. Мемлекет басшысы Нұрлыбек Машбекұлына сенім артып, жауапты жұмыс тізгінін ұстатып, бойындағы адамгершілік қасиеттері – жоғары лауазымды қызмет. Облыс әкімі болған төрт жылдың ішінде Президент үш рет келіп, атқарылған жұмыстарды көзімен көріп, көңілі толып, іскер азамат екенін білді. Нұрлыбек Машбекұлы – кәсіби біліктілігі жоғары, бойындағы адамгершілік қасиеті зор азамат. Сондықтан бұл қызметте де абырой биігінде болатынына сенімдіміз.

Нұрлыбек Машбекұлы Сыр елінің тумасы ретінде аймақтың тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Облысқа басшы болмас бұрын сегіз жылдай қала әкімі қызметін атқарды.

Ал кейінгі төрт жылда Сыр өңірі республикаға танымал облыс болды. Барлық салада ауқымды жұмыстар атқарылды. Құрылыс, әлеуметтік, мәдениет,

спорт, жалпы барлық салада қарқынды тірлік жасалды, серпінді даму болды. Бұл, әрине, ең алдымен Президенттің елге деген ерекше қолдауы, екіншіден, сол қолдауды ұтымды ұйымдастыра білген аймақ басшысының іскерлігі, табанды еңбегінің жемісі деп айта аламыз.

Міне, Мемлекет басшысы да осыны байқап, сенім артып, өзінің Жарлығымен жоғары лауазымға тағайындап отыр. Бұл – Сыр елі үшін үлкен мақтаныш. Туған топырақтан осындай азаматтар шыққанына біз қатты қуанамыз. Алдағы уақытта да абыройлы болсын, өсіп-өне берсін деп тілейміз. Туған жерге ықыласы бұрынғыдан да ерекше боларына сенемін. Ардагерлер қауымы әрдайым тілекші.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,  
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

## ОНЫҢ ТАЛАПШЫЛДЫҒЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Кеше таңертең Нұрлыбек Машбекұлының Премьер-министрдің бірінші орынбасары болып тағайындалғанын естідік. Бұл – ел Президентінің оғанды әрі салмақты шешімі деп есептеймін. Меніңше, Сырдан шыққан азаматтың тәжірибесі мен іскерлігіне берілген жоғары баға. Ол өңір дамуына көп үлес қосқан, мықты басқарушы, іскер, халықшыл тұлға ретінде мойындалып тұр.

Нұрлыбек Машбекұлы Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалғаннан бері Сыр өңірі дамуында жана кезеңіне қадам басты. Көпшілік куә, аймақта жүзеге асқан әлеуметтік-экономикалық бастамалары республика келемінде қолдау тауып, өзге аймаққа үлгі болды. Әсіресе, инфрақұрылымды жаңғырту, елдің тұрмыс сапасын арттыру, инвестиция тартуда біздің облыстың

жана келбетін айқындап берді, яғни, оның өңірдегі әр жобалада нақты жоспар түзіп, тұрақты бақылау мен нәтиже шығару – басты ұстанымы десем, қателеспеймін.

Нұрлыбек Нәлібаевтың талапшылдығы, тәртіп пен жауапкершілікке мән беретін басқару тәсілі тек халық мүддесіне негізделген. Ең бастысы, оның облыстағы көп жылғы қызметі, кәсіби біліктілігі, мемлекет алдындағы адал еңбегі жаңа қызметінде де жалғасын табаты.

Сыр елінің дамуына сіңірген еңбегі үшін алғыс білдіре отырып, алдағы уақытта Үкіметте де нәтижелі қызмет атқаратынына сенімдіміз.

Біғали ҚАЮПОВ,  
қоғам қайраткері

## БІРЛІК – БІЗДІҢ ТУЫМЫЗ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалуы – бұл біздің өңір үшін мақтаныш, сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Бұл тағайындауды Нұрлыбек Машбекұлының мемлекеттік деңгейдегі биік кәсібилігі мен өңір басшысы ретіндегі атқарған зор еңбегінің әділ бағасы деп білеміз. Оның басқарушылық тәжірибесі мен ел дамуына қосқан үлесі аймақтың одан әрі өркендеуіне тың серпін бергеніне баршаңыз күзміз.

Мен үшін, Ассамблея өкілі, Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары ретінде Нұрлыбек Машбекұлының өңірдегі 4 жылдық қызметі аймақтағы бірлік пен татулықты нығайтудың алтын дәуірі болды десем, қателеспеймін. Осы жылдар ішінде жүзеге асырылған ең айтулы жобалардың бірі – жана «Достық үйінің» бой көтеруі. Бұл тек заманауи сәулетті нысан ғана емес, бұл – түрлі этнос өкілдерінің басын қосатын, ортақ құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды рухани орталық. Мұндай игі бастамалар өңір басшылығының ұлтаралық келісімді сақтауға және дамытуға деген айрықша назарын, шынайы жанашырлығын көрсетті.

Қазіргі таңда жана «Достық үйі» этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың және Ассамблея бейнесінің еркін әрі тиімді жұмыс істеуіне толық мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, мұнда ардагерлер ұйымдары мен азаматтық қоғам институттарына да ерекше жағдай жасалған. Бұл – біздің өңірдегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін нақты, қолмен ұстарлық нәтижесі.

Біз үшін ең басты құндылық – ел бірлігі. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізе берді деп сенемін. Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен қолға алынған әрбір жоба халықтың алауқатын арттыруға, ел игілігіне қызмет етуге бағытталды.

Бірлік пен тұрақтылық – кез келген табыстың кепілі. Осы құндылықтарды берік ұстанған өңірміздің болашағы жарқын боларына кәміл сенемін. Нұрлыбек Машбекұлына жана жауапты қызметіне сәттілік тілей отырып, оның еңбегі Отауымыз – Қазақстанның гүлденуіне бұдан былай да зор үлес қосатынына сенімдімін.

Дильфура БАЙРАХТАРОВА,  
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары

# ӨҢІРГЕ ӨЗГЕШЕ ӨҢ БЕРГЕН

## ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Кейінгі төрт жылда тұрақты өсім көрсеткен сала – инвестиция.

2022 жылы Қызылорда облысына 373,5 млрд теңге инвестиция тарту межесі қойылған. Бұл көрсеткіш 110,6 пайыз, жоспар 39,8 млрд теңгеге артығымен орындалып, 413,3 млрд теңге инвестиция тартылған.

2023 жылы 424,2 млрд теңге болып бекітілген индикатор 121 пайыз орындалды, яғни 513,7 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспардағыдан 89,5 млрд теңге артық көрсеткіш тіркелді.

2024 жылы жоспарланған 517,5 млрд теңге 130,2 пайыз орындалып, өңір экономикасына 673,7 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл белгіленген межеден 156,2 млрд теңгеге жоғары.

Өткен 2025 жылы 631,4 млрд теңге инвестиция тарту көзделген еді, іскерлік байланыстардың арқасында 774,5 млрд теңгеге жетті. Индикатор 122,6 пайызға немесе 143,1 млрд теңгеге артық орындалды.

Осылайша Қызылорда облысы инвестиция тарту бойынша өңірлер арасында бірінші орынға тұрақтады. Жалпы құрылымына келсек, жеке инвестицияның үлесі басым, яғни 72,1 пайыз, 558,6 млрд теңге, көрсеткіште 14,9 пайыз өсім бар.

Негізгі жобаларға тоқталсақ, төрт жылда 401 млрд теңгенің 72 инвестициялық жобасы жүзеге асқан.

Жылына 197 мың тонна өнім шығаратын шыны зауытына 42 млрд теңге инвестиция тартылған. Orda Glass Ltd серіктестігінің шыны зауытының қасынан 6,7 млрд теңгеге энергия үнемдейтін шыны өндірісінің жана желісі, «Айна Гласс» компаниясының 1,5 млрд теңге инвестициясы салынған айна өндіру зауыты іске қосылды.

«Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалына Болат Әтемұратов қоры 16,6 млрд теңге көлемінде инвестиция салды.

Агроөнеркәсіп кешенінде жылына 96 мың тонна күріш өңдейтін 5 күріш зауыты жұмысына басталды.

«Қызылорда Саз-М» серіктестігінің ең озық технологиялармен жабдықталған, толық автоматтандырылған кіріпші зауыты арқылы өңірге 5 млрд теңге инвестиция келді.

«Қызылорда нан» серіктестігінің 3,1 млрд теңгеге салынған нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін шығаратын 3 цех жұмыс істеп тұр.

«Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің бастамасымен тамақ өнеркәсібі бағытындағы алғашқы шағын өнеркәсіптік аймақ құру жобасына жұмсалған инвестиция 526 млн теңге.

«Панабек» серіктестігі өндіріс қуатын арттырып, жылына 35 мыңға дейін кеңсе, асхана, мектеп парталары мен басқа да жиһаз түрлерін шығара бастады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Сыр елінде түркиялық Aksa Energy компаниясының жаңа жылу-электр орталығы салынды. Жалпы 215 миллиард теңге инвестиция жұмсалған, 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу өндіруге есептелген.

Әлемге әйгілі испандық Rosa Group компаниясы жылына 500 мың санитарлық-техникалық өнім шығаратын өндіріске 44,1 млрд теңге инвестиция құяды.

Сәуір айының басында Сырдария ауданында жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдейтін заманауи зауыттың құрылысы басталды. Инвестиция көлемі 40 млрд теңге.

Швейцариялық Harvest Agro компаниясы 68 млрд теңге инвестиция салып, техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіру арқылы аграрлық-индустриялық кластер құру жобасын бастады.

## ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТ

Сыр өңірінде 2022-2025 жылдары 42 білім нысаны пайдалануға берілген.

Айталық 2022-2023 жылдары 300 орындық дарынды балаларға арналған 2 мектеп-интернат, 250 орындық қосымша білім беру ұйымы, 2 мектеп, 4 мектепке қосымша ғимарат, 2 балабақша табысталды. Сондай-ақ салада қарқынды құрылыстар жүргізілген 2024 жылы 13 нысан бой көтерген екен. Оның қатарында 960 орындық 6 мектеп, 5 мектепке қосымша ғимарат, Қызылорда қаласындағы 350 орындық «Оқушылар сарайы» мен Жаңақорған ауданындағы 200 орындық «Оқушылар үйі», 50 орындық «Өнер мектебі» бар.

Өткен жылы 550 орындық 2 мектеп бой көтергені білеміз. Оның бірі – «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен қаланың сол жағалауынан бой көтерген 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық лицей-интернат. Мұнда білім беру әдісі мемлекеттік стандартқа сай, айырмашылығы, жаратылыстану пәндерінің барлығы ағылшын тілінде оқылады. Бүгінде білім беру ұйымында 8 сыныпта 200 бала бар, оларды 24 педагог оқытуда.



Білім саласындағы тағы бір айрықша атап өтуге лайық нысан – қаланың көрнекті жерінен бой көтерген «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы. Мемлекет басшысы өңірге келген сапарында заманауи талаптарға сай қызмет көрсететін шығармашылық академиясында болып, жас ұрпақтың жарқын болашағына бағытталған байыпты жұмысқа оң бағасын берді.

Бірер жыл бұрын сол жағалауда пайдалануға берілген Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі ғимараты да – ерекше көз тартатын сәулетті архитектуралық туындылардың бірі. Бұдан бөлек, Шиелі ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» айтуға болады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 6900 орындық 10 мектеп салынды. Айта кетейік, білім саласында қолға алынған қарқынды құрылыстар барысында 2023 жылдан бері 15 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілсе, 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, нәтижесінде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

2025 жылы «Қазақстан халқына» қоры арқылы ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде 2 мектеп интерактивті және заманауи оқу кабинеттерімен қайта жабдықталды. Бүгінде облыс көлеміндегі 58, оның ішінде 8 шағын жинақты мектепті физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен жабдықтау жұмыстары жүргізілді.

Білім саласына деген осындай қолдаудың нәтижесінде Ұлттық бірінші тестілеу қорытындысымен аймақ үздіктері республикада екі жыл қатарынан үздік атанып, ЖОО-ға бөлінген мемлекеттік грантты иемдену бойынша да бірінші орынға шықты.

## МЕДИЦИНА: МҮМКІНДІКТЕР АРТҚАН КЕЗЕҢ

Кейінгі төрт жылда Сыр медицинасы тын серпінмен дамыды.

2023-2025 жылдар аралығында 29 млрд 512 млн теңгеге 42 медициналық нысан салынып, бүгінде тұрғындарға қызмет көрсетуде.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқынды жүзеге асты. 10 млрд 200 млн теңгеге салынған 28 фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Осылайша 46 мыңнан астам ауыл тұрғыны медициналық көмекке уақытылы қол жеткізіп, 190 төсек-орындық күндізгі стационарларда ем алуда.

Кейінгі төрт жылда 6 млрд теңгеге 24 нысанға күрделі жөндеу жүргізілсе, 1 млрд 200 млн теңгеге 44 денсаулық сақтау нысанының жылу жүйесі газға ауыстырылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ғимараттардың тозуы 74,4-тен 36,6 пайызға төмендеді.

Өңірміздің денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратандыруға да баса назар аударылды. 16 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты ауыр техникалар бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді. Медициналық құрал-жабдықтармен жаратандырылу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыздан бүгінде 90,2 пайызға жоғарылады.

Медицина ұйымдарының санитарлық автокөлік паркінің 85 пайызы тозған еді. Жергілікті бюджеттен бір мезетте 5,4 млрд теңге бөлініп, барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдарына 225 санитарлық автокөлік алынып, медицина ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды. Осылайша санитарлық автокөлік мәселесі түбегейлі шешілді.

Жаңақорған, Арал аудандарында «Қамқорлық» балалар оңалту орталығы ашылды. Облыстық көпбейлі балалар ауруханасының жанынан «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы пайдалануға берілді.

Сол жағалауда бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейлі аурухананың құрылысы қарқынды жүруде.

Биыл Президент паркі жанынан 200 төсек-орынға арналған жаңа перинаталдық орталықтың, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 500 келушіге арналған емхананың және Титов қыстағынан ауысымына 400 келушіге арналған № 5 қалалық емхана құрылыстарының іргетасы қаланды.

## АГРАРЛЫҚ САЛАНЫҢ АЖАРЫ

Аймақтың ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері төрт жыл бойы облыс өкімі қызметін атқарып, 6 мамырда ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев жайында ардайым жылы ләбизде. Кейінгі жылдары өңірдің аграрлық саласына инвестиция тарту мәселесі дұрыс жолға қойылды. 2022-2025 жылдар аралығында мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау үшін 92,4 млрд теңге бөлінсе, биыл 35 млрд теңгеге жуықтайды. Сондай-ақ шаруашылықтар есебінен 58 млрд теңге қаржы тартылды. Осындай оң бастамалар нәтижесінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жаңа белеске көтерілді. Былтыр жалпы құны 11,6 млрд теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба тұсауын кесті.

Ашығын айтсақ, жергілікті диқандар кейінгі 4-5 жылда су ташылығы мәселесінде едәуір қиындыққа тап болды. Сырдария өзенінің деңгейіне қатысты вегетациялық кезеңде нақты іс-шаралар жүзеге асты. 2026 жылға бекітілген су лимитіне сәйкес облыс бойынша 185,8 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланып отыр. Аймақтың басты дақылы – күріш көлемі 70 мың гектарды құрайды. Оған қоса су ресурстарын басқару технологиясын кеңінен енгізу үшін алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қаралған. Былтыр су үнемдеу технологиясын пайдалану көлемі 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге артты. Ол былтыр 8,1 мың гектарды шамаласа, биыл 16,7 мың гектарды құрайды. Қызылордалық диқандар су шығынын азайту үшін егістік жерлерді лазерлік тегістеуге ерекше мән беріп отыр.

Облыс басшылығының қолдауымен Жаркент крахмал-сірне зауыты Сырдария ауданынан жүгері дақылын терең өңдейтін жаңа зауыттың іргетасын қалады. Онда жылына 150 мың тонна өнім өңдеуге мүмкіндік бар. Жобаның құны 40 млрд теңгені құрайды. Оны жүзеге асыру екі кезеңнен тұрады. Алдымен кентіру және сақтау кешенінің құрылысы бой көтерсе, одан кейін жүгеріні терең өңдейтін зауыт құрылысы басталады.

## ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАНДАНА ТҮСТІ

Халық сұранысының бірі – жол-көлік саласындағы мәселелер болатын. Мұндағы құрылыс қарқыны аз уақыт ішінде өңірге оң өзгеріс әкелді. Бір ғана мысал, 2022 жылдан бүгінге дейін жол инфрақұрылымын дамытуға 185,8 млрд теңге бөлінді. Осы уақытта 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу жұмысы жүрді. Бұл әлі де тоқтаған жоқ. Ал нәтижесінде облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 82-ден 95 пайызға жетті.

Облыс орталығындағы көптеген тар жолдың тынысы ашылды. Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі мен Бейбарыс сұлтан көшесі Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі жол 4, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік 6 жолақты жолға айналды. Одан бөлек, «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы 4 жолаққа кеңейді. Даңғыл бойындағы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол 4 жолаққа айналды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды I санатқа ауыстыру жобасын қолға алды. Қазір екі кезеңмен іске асатын құрылыс басталып кетті. Көп жыл мәселе болған республикалық «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының Сырдағы бөлігі бітті. Сондай-ақ Президент Жолдауында айтылған «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылысы арқылы Арал ауданының ең шеткі елді мекендеріндегі қатынас жақсаратын болды.

Қызылорда қаласы мен жеті аудан теміржолдың екі бойында қоныстанған. Бұған қатысты Арал ауданында 940 метр болатын аспалы көпір бітті. Жаңақорған ауданында талай жылдан аяқсыз қалған осындай теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді. Осы жобалардың жалғасы ретінде Қармақшы ауданындағы теміржол көпірінің құрылысы жақында басталады.

Екі жыл бұрын қаланың сол жағалауынан еңселі автовокзал бой көтерді. Өңірдегі елді мекендерді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын автобус маршруттарынан бөлек, халықаралық маршрутпен Ташкент қаласына, облысаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе қалаларына 18 автобус қатынайды. Екіншіден, облыс орталығындағы халыққа қызмет ететін қоғамдық көліктер толық жаңарды. 300 автобус қалалық 32 маршрутты 100 пайыз қамтыды. Сонымен бірге, қалада «Экотакси» қызметін құру жобасымен 100 электромобиль алынып, тұрғындар мен қонақтарға қызмет көрсетіп келеді.

Ең маңызды «Қорқыт Ата әуежайында» аптасына 37 рейс орындайтын жаңа терминал екі жыл бұрын пайдалануға берілді. Жаңартылған әуежай терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Бұған дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға Қызылордадағы теміржол вокзалы мен аумағы түгелдей күрделі жөндеуден өтті. Қазір мұндай құрылыс Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал, Сексеуіл вокзалында, Жалағаш пен Теренөзектегі қызмет көрсету пункттері мен «Талап» бекетіндегі жолаушылар платформасында жалғасуда.

## ГАЗ ЖӘНЕ САПАЛЫ АУЫЗСУ

Елді мекендерді газдандыру және сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – тұрғындардың өмір сапасын арттырудағы негізгі басымдықтардың бірі. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп отыр. Айталық, төрт жыл ішінде елді мекендерді газдандыруға 70 млрд теңгеден астам қаржы тартылып, 39 елді мекен және 1 қала (Қазалы) газбен толық қамтамасыз етілді. Газдандыру деңгейі 70-тен 83 пайызға жетті.

Былтыр да жақсы нәтижелер болды. 18 жобаны жүзеге асыруға 17,3 млрд теңге бөлініп, 10 елді мекен «жөгілдір отынға» қосылды. Оның ішінде Шижига, Ортакшыл, Баймұрат, Талдыарал, Ақтан батыр, Н.Лиясов, Шаған, Дүр Оңғар ауылдарын айтуға болады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облысты газдандыру деңгейі 83 пайызға, газдандырылған елді мекен саны 56-ға өсті.



# ӨРКЕНДІ ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ



## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

Халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар мен жобалар аз емес. Қызылорда халықты тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша республикада алдыңғы орында.

Кейінгі жылдары «Өңірлік жұмыспен қамту» картасы шеңберінде 124 758 адам жұмыспен қамтылды. Соның ішінде «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру» Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 50347 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмыссыздық деңгейі 4,9-дан 4,5 пайызға дейін, жастар арасында 4-тен 3,4 пайызға дейін төмендеді. Сонымен қатар 8 мыңнан аса осал топтағыларға мемлекеттік қайтарымсыз грант беріліп, олар жеке кәсібін ашты.

Қазір атаулы әлеуметтік көмек шын мұқтаждарға ғана беріледі. Соның нәтижесінде кейінгі төрт жылда көмек алушылардың саны 3 есе азайды.

2026 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында биыл 34 685 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Бүгінде алты мыңнан астам адам жұмысқа орналасып үлгерді. Оның ішінде тұрақты және уақытша жұмыс орындары қатар қамтылып, еңбек нарығында белсенділік артып келеді. Тағы да деректерге жүгінсек, 25 755 тұрақты жұмыс орны жоспарланып, 2500-ден астам адам қамтылды. Бос орындарға тікелей орналасуға мүмкіндік жеткізілді. Субсидия арқылы еңбекке тартылғандар көп. Оның ішінде жастар тәжірибесіне 157, ақылы қоғамдық жұмыстарға 3693, әлеуметтік жұмыс орындарына 15 адам, «Күміс жас» жобасы арқылы 160 азамат бар.

Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы да уақытылы жүзеге асуда. Бұл бағытта 838 жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар ұлттық жобалар аясында 88 жаңа жұмыс орны ашылып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

«Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде 12826 адам жоспарлана, қазіргі уақытта 8 мыңнан астам адам қамтылды. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 488 адам оқуға жолданып, оның 206-сы курсты аяқтады.

Сәуір-мамыр айларында солтүстік өңірлер өкілдерінің қатысуымен «Бос жұмыс орындары» жармеңкелері өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері өңірде 25 рет бос жұмыс орындары жармеңкесі ұйымдастырылып, 1235 вакансия ұсынылды. Жәрмеңкеден соң 222 адам тұрақты, 446 адам уақытша жұмысқа орналасса, мыңнан астам адам кәсіби кеңес алды.

## СЫР СПОРТЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Кейінгі жылдары Сыр спорты қарқынды дамып, бұқаралық және кәсіби спортқа ерекше мән берілді.

арналған арнайы залдар жабдықталған. Ал стадионның УЕФА классификациясы бойынша IV санат алуы халықаралық деңгейдегі матчтар мен ірі спорттық жарыстар өткізуге мүмкіндік береді.

Сыр спортындағы маңызды нысандардың бірі – халықаралық талаптарға сай Үстел теннис орталығы. Кешенде 16 қорт, 350 орындық көрермен залы және заманауи жаттығу алаңдары қарастырылған. Қазір мұнда 250-ге жуық жас спортшы кәсіби дайындықтан өтіп, шеберлігін шыңдап келеді.

Биыл Қызылорданың сол жағалауында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған Инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. Мұнда волейбол, күрес және денешынықтыруға арналған арнайы залдар бар. Бір мезетте 131 адам спортпен шұғылдана алатын орталық – спорттың баршаға ортақ екенін көрсететін маңызды әлеуметтік жоба.

Қазір 20 млрд 500 млн теңгеге көпбейінді «Қызылорда Арена» кешенінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Аумағы кең спорт кешенінде олимпиадалық стандартқа сай бассейндер, заманауи жаттығу залдары және 2500 орындық эмбазар арена салынады. Болашақта мұнда республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізу жоспарланып отыр.

Инфрақұрылыммен қатар Сыр спортшыларының жетістіктері де көңіл қуантады. Кейінгі жылдары жерлестеріміз Әлем және Азия чемпионаттарында жеті медаль жеңіп алып, оның бесеуін алтын жүлдеге айналдырды. Сондай-ақ Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарында 149 медаль иеленіп, оның ішінде 54 алтын, 43 күміс және 52 қола медальға қол жеткізді. Былтыр Қызылорда облысының еліміздегі үздік спорт өңірі атануы – осы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Бүгінде Сыр елінде спортқа қызығушылық артып, салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың қатары көбейіп келеді. Жаңадан салынған арена мен спорт кешендері – болашақ чемпиондардың үлкен спортқа бастар жолы.

## ТҮРКІ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Идеологиялық саясаттың іргелі бір саласы – мәдениет десек, облыс аумағында 10 ұйымға біріктірілген 400-ден астам мәдениет, өнер және архив мекемелері қызмет көрсетеді. Оларда 4 мыңға жуық адам еңбек етеді.

Бүгінде Сырдың бас шаһарының сәулетін арттыра түскен «Анаға тағзым» орталығы, «Достық үйі», мың орындық «Өнер орталығында» республикалық, халықаралық деңгейдегі салтанатты жиындар өткізіліп, халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетуде. Сыр бойы өнерінің жаңа сатысында симфония оркестрі, хор ұжымы, заманауи би ұжымы, Жастар және инклюзив театры, «Жыраулар үйі» ашылып, барлығы 250-ден аса штат берілгенін атап өтуіміз керек. Жалпы кейінгі үш жылда жаңадан 21 мәдениет нысаны бой көтерген.

Сала мамандарын лайықты қолдаудың бір көрінісі, облыстың мәдениет ұйымдарындағы 40 маман кейінгі екі жылда Италия, Беларусь елдерімен қатар, Алматы, Астана қалаларында біліктілігін арттырды. Тағы бір айтулы жаңалық, 2023 жылдан бері мәдениет, әдебиет, өнер өкілдеріне облыс әкімінің арнайы «Тұран» сыйлығы тағайындалып, осы кезге дейін 60 адам марапатталды. «Руханият жылы» аясында мәдениет қызметкерлеріне 40 жаңа қызметтік пәтер берілді.

Аймақта 2024 жыл – «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі. Басты жаңалық, барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілді. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, колөнер сияқты халықтық ерекшеліктер кеңінен насихатталып, өскелең ұрпақтың бойына өңір тарихы мен ұлт руханиятын сіңіруге қызмет көрсетіп келеді.

Түркі мәдениеті мен руханиятының темірқазығына айналған Қорқыт мұрасын насихаттау мақсатында түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты дәстүрлі халықаралық музыкалық өнер фестивалі өткізілді. Сонымен бірге, Республика күніне және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына 100 жыл толуына орай облыс әкімінің қолдауымен Швейцарияның Женева, Берн қалаларында Сыр өнерпаздарының концерттері өтті.

Жылдар аясындағы айтулы жаңалықтың бірі, өңірімізде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде 2023 жылы алтын киімді «Шірік-Рабат сақ жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», 2024 жылы алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндерінің тарихи реконструкциялары жасалып, ғылыми айналымға енгізілді.

Айта кетейік, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 2,3 млрд теңгеге заманауи үлгідегі облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты былтыр пайдалануға берілді. Бүгінде музей қорында 70 мыңға жуық құнды экспонаттар мен артефактілер сақталуда.

«Сыр бойының» тілшілер тобы

Биылдың өзінде 14 жобаны жүзеге асыруға 4,9 млрд теңге бөлінді. Жыл басында «Сабалақ» саяжайы тұрғындарының көптен бергі мәселесі шешемін тауып, мұндағы 1600-ден астам абонент «көгілдір отынға» қосылуға мүмкіндік алды. Жыл соңына дейін облыстағы 10 елді мекенге газ қосып, газдануы деңгейін 85 пайызға жеткізу жоспарланды.

Өңірде ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де жүйелі түрде шешімін тауып келеді. Мемлекет басшысының елді мекендерді толықтай сапалы ауызсумен қамту жөніндегі тапсырмасы орындалды.

2022 жылдан бері бұл салаға 37,1 млрд теңге бөлініп, 77 жоба іске асырылды. Өткен жылдың қорытындысымен облыстағы елді мекендер 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтылды. Жылдар бөлінісіне қарай айтсақ, 2022 жылы 19 жоба жүзеге асып, сол кезеңде ауызсумен қамту үлесі 98,1 пайыз болған. 2023 жылы 23 жоба іске асып, 98,4%, 2024 жылы 11 жоба жүзеге асып, 98,6%-ға жетті. Былтыр 24 жоба орындалып, 100 пайыз көрсеткіш тіркелді. Бұл – үлкен жетістік. Себебі, ауызсу – халық денсаулығы мен тұрмыс сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ҮЛГІ БОЛҒАН ҮЗДІК ӨНІР

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы Сыр өңірінде жүйелі жүзеге асырылып келеді.

Бағдарлама аясында атқарылған жұмыс ауқымды. 2024 жылы «Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында облыс әкімдігі мен корейлік «With you E&C» компаниясы арасында Қызылордада жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату зауытын салу бойынша меморандумға қол қойылды. Жоба компанияның 37 млрд 800 млн теңге инвестициясы арқылы қаржыландырылады. Үш кезең бойынша іске асырылады.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру және тұрғындарды тазалыққа ынтылдандыру үшін жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Кейінгі жылдары жобаға 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Демалыс орындары, ойын, спорт және орталық алаңдар қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде. Өзгеше кейіпте қайта жаңғыртылып, жаңадан салынған Президент паркі пайдалануға беріліп, халықтың қуанышы еселенді. Жаңа саябақ аумағына заманауи субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, стритбол, баскетбол, футбол алаңдары, workout, демалыс аймақтары, фудкорттар, теннис үстелдері, биіктігі 50 метрлік айналымалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған.

Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 100 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді. Сондай-ақ саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынды. Мәселен, 6 гектар жерге 300 орындық заманауи балалар лагері, 2,4 гектарға Ботаникалық бақ салынуда. Бұдан бөлек, «Таза

Қазақстан» акциясы аясында аймақта 12 мыңнан астам тал егілді. Сондай-ақ «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық акциясы өтті. Онда өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен көпшілік зиярат ететін барлық аумақтарға көркейту-кегаландыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Өңірде біркелкі дизайн-код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекен бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Қызылорда қаласында 2 млрд 905 млн теңгеге 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тауып, 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртылуда.

Былтыр облысқа 212 278 турист келіп, көрсеткіш 25,4 пайызға өсті. Осы ретте тұрғындар мен туристерге қолайлы жағдай жасау үшін ауқымды жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен «Қорқыт Ата әуежайында» туристерге арналған виртуалды карта әзірленіп, QR-кодтар орнатылды. Экскурсияға келушілерге жаңадан салынған, тарихи мәліметтермен толықтырылған заманауи музей қызмет көрсетеді.

Өңірдегі демалыс парктері жанартылып, туристерге қолайлы әрі қауіпсіз болуы үшін барлық жағдай жасалды. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында адам көп шоғырланатын орындарға



102 және SOS батырларының 15 құрылғысы орнатылды. Туристік инфрақұрылымды дамыту аясында халықаралық деңгейдегі бесжұлдызды қонақүй, IBIS Qyzylorda және Pana қонақүйлері бой көтеріп, аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

Жалпы «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында осындай байыпты кадам жасалып, жалғасын табуда.







## АДАМ БЕКЕРГЕ ЖАСАМАЙДЫ

Суретші Аманжол Дүргенов

Досым ағасы туралы әңгімелеп отыр. — Қызметтік аядан шыға алмады. Өйтпесе өрісті, білімді азамат еді, шіркін. Бізді білімге баулыған, кісілікке үйреткен Аралбай аға еді. Ажал да Аралбайға аранын ерте ашты. Бүгінде мен сол Аралбай ағамнан қайда жасым үлкен...

Кенес досым күрсініп қалды. Мен оның күрсініп, сағынышты әңгімемен еске алатын ағасы туралы қызға сұрадым. Өйткені Кеңестің ағасын осыншалық махаббатпен еске алуы бірінші рет емес. Әрдайым осылай. Әрдайым еске алып отырады. Өмір белеңінің сәтті, кейде сәтсіз сәттерінде осылай еске алады. Шамасы, менің орнымда Аралбай ағам болса не істер еді деп ойлайтын болса керек. Демек, өміріне өлшем тұтқаны.

Байқай бермейміз. Өйтпесе, өзінен бұрын өзгені ойлайтын, жан дүниесімен айналасын нұрландырып жүрер азаматтар болады. Қарадай ру-руға, тіпті ата-атаға бөлініп, ку сиырдың бүйрегідей қырық бөлек болып бара жатқан мына өзміш қазак қоғамына бір жетпесе, сондай жаны нұрлы, алысты жақындатып жүрер, қазак қоғамын аламалай-бөлмей тұтас сүйер жайсан азаматтар жетпей жатады. Ондай жан-дар азыбай кетті ғой, азыбай кетті.

Аралбай азыбай кеткен асыл жандардың бірі болған екен. Теміржолшының отбасында дүниеге келген. Жастай өнер-білімге құштар болып өсіпті. Жеткіншек кітапқа үйірсең болса керек. Өспірім шақтан театрға әуестенген. Облыс орталығында жоғары педагогикалық білім алыпты. Оқу орнының комсомол жетекшісі болыпты. Қызылорда қалалық жастар ұйымында, облыстық партия комитетінде жауапты қызмет атқарыпты.

Қызметті кісі әрқилы істейді. Біреу өз міндетін ұқыпты атқарады. Жетеді. Біреу өзінен қызметті төмендеу лауазымдыларға ықпалды болады. Кейде адуын мінезбен, кейде кішіпейіл мінезбен жетекшілік жасайды. Болады. Енді біреу қызметі төмен бола тұра өзінен жоғары лауазымды кісілерге ықпалы жүреді. Біреуі жағымды ықпал етеді. Күні күрсын ондай «ықпалдың». Келесісі өзінің абырой-беделін сақтай отырып ықпал етеді. Жұрт қамын жейтін, істің көзін табатын, елдің сөзін табатын шынайы ықпалдылық, міне, осы!

Кенес досым әкеліп берген бұрқыраған қағаздардан менің көргенім, оқығаным, оқып болып танығаным осы болды. Дос ағасы Аралбай көпшілі, принципшіл, үлкен мен кішіге бірдей ықпалды, білімді, алғыр абзал жан болған екен.

Өзі домбыра тартып, ән салады екен әуелетіп. Өзбекстанның тамаша әншісі, КСРО Халық әртісі Батыр Закировпен дос болуына да оның осы музыкалық білімі, туа біткен табиғи білімі себепкер болса керек. Аралбай бейнесінде Батыр Закиров кәсіби музыкант, тамаша өнерпазды таныпты. Таныпты да, дос тұтып өмірінің ақырына дейін сезімді де, сенімді де ақ сақтапты. Жәні-жіні Ташкентке сапарлап, Ташкенттегі досын Қызылордаға шақырып, жиі араласыпты. Сықпаған партия қызметкерінің бұл әрекеті уақытының партиялық этикасына қалай сыйған қайдам? Сыйыпты. Рахмет!

Жазушы ағайын келсе, облыстық партия комитеті Аралбайды іздей бастайды екен. Өсіресе, досы жазушы Қалтай туған жеріне келсе, ауылдасы Шарипаның қолын алар алмастан Аралбайды досын іздейді екен. Үйіне түседі, тізе қосып бір жүреді. Пікірлеседі. Спектакль қойылымның бірге тамашалайды. Бірге талдайды. Шыңғыс Айтматов сынды байыпты досына Аралбайды таныстырған да Қалтай. Сондағысы не? Не себеп? Сондағысы — Аралбайдың білімділігі. Көңгі әдебиетшідей пікір сабақтап, пікірін бетке айтатын дағдысы ұнаса керек. Ұнаған, пікірі кәсіптік шеңберден табылған шығар, әйтпесе, пьесасы бойынша спектакль Москва театрларында қойылғанда да қолқалап Аралбайды Қызылордадан бірге ала кетеді екен.

Қалтайдың қияметтік досы Шыңғыс Айтматов Қызылордаға барған сапарында Аралбайдың үйінде болып, оның адамды тұлғасына, әдеби біліміне қайран қалыпты. «Алғаш кездескенде ол уақыттың партия қызметкерлеріне кездесе бермейтін білім, жан-жақтылық, бай дүниетанымы қайран қалдырды. Ұлы ақындардың өлеңін жатқа сақты. Домбырада ойнап, ән шырқалды», — деп еске алады. «1966 жылы Ыстықкөлле демалып жатқан жерінен келіп, Қырғызстан Жазушылар съезіне қатысты», — дейтін тағы бар. 1967 жылы Аралбайдың үйінде болған Шыңғыс: «Был приятно удивлен его богатой библиотекой», — дейді таңырқанын жазыра алмай. 1972 жылы «Көктөбелегі кездесу» «Современник» театрына дайындалып жатқанда театрдың бас режиссері Галина Волчекпен талдау жүреді. «Арекен также живо участвовал в этой беседе», — дейді Шыңғыс аға тағы да сүйсініп.

Ол дос-жаран жүрген қаламгердің бірі түркмен жазушысы Даулет Есенов екен. Ол да бір қимас достық болса керек. Бірде Қалтай аға «Аралбай, досым, сен жазатын Қалжан типтегі білімді адам едің. Жазушы, әйтпесе профессор болатын-ақ адам едің. Менің пьесаларым бойынша қай жерде, қандай спектакль қойылады? Тіпті Мәскеуде қойылса да. Олар ерінбей-жалықпай арнайы келіп көреді. Талдауға қатысып, белсене пікір айтады. Айтқанда да осындағы мына біздің Оразай Батырбековтердің аузын ашқызып тамаша талдап айтады. Қайтсін? Өзі жастайынан өкпе ауруынан азап шекті. Кейін рак деген пәлеге ұшырады. Ерте кетті», — дегені бар Аралбай Махамбетовті еске алып.

Кенес досым әкеліп берген қағаздардың арасында аранын ерте ашқан ажал шіркінмен арпалысып жатып інісіне (К.Махамбетовке), ұлдарына, жарына жазған аманат сөздері бар екен. Оқып отырып денем тітіркенді, арқамнан құмырсқа жүріп өткендей жыбырлады.

Өлім шіркіннің келіп қаларын біліп сөйлейді. Мойынсұнбай. Бірақ мойымайды. Адам баласына бір келетін өлім. Бірақ ажалды қалай қарсы алу туралы батыл сөйлейді. Ажалдың алдында «құлым» қалмас үшін әрбір адам азаматтық биігіне көтеріле білуі керектігін талмай айтады. Санкт-Петербургтен жоғары білім алған, мемлекеттік қызметке араласып үлгерген інісіне: «Егер абыройлы боламын десең, басына да, қарамағыңдағы бағынышты қызметкерлеріңе де бірдей қара, бірдей қара. Ашуыңмен емес, ақылмен басшылық жаса. Ақылға мол білімің серік болсын. Ұлттық дәстүр аясынан шығып кетпе. Ұлттық білімді молайт», — деп аманаттапты.

Ұлдарына: «Ажалдан қашып құтылған адам жоқ мынау өмірде. Қорқыт аталарың Сырдария жағасында жатыр ғой. Ол кісі де құтылмаған ажалдан. Ажалдан қашып келіп жеткен жері — Сыр бойы! Тек ажал сендердің әкелеріңе қарағанда ертерек салды. Қырық жас деген немене? Алайда мен ажалдың бетіне тура қараймын. Өлімнен қорықпаймын. Жүрегім ақтық сәтін соққанша беріспеймін. Қорықпайтыным — жоғары лауазымды қызметтер атқара жүріп, өзінің алдымдағы азаматтарға өтірік сөйлемді, жағымпаз болмадым, сыртынан ғайбат сөйлемедім. Не айтсам бетіне айттым, жаным ашып айттым. Сондықтан олармен дос болдым. Өзімнен кейінгі жастарды шамам келгенінше қоғамға берілген, адамдарға адал, іскер етіп тәрбиеледім. Өзімнен асып түссе деп армандай жүріп тәрбиеледім. Алаламадым. Бөлмедім. Бәріне бірдей қарадым. Сондықтан олармен қызметтес қана емес, дос болдым.

Мен өмірден өткен сон не менің басым болған, не қосым болған азаматтардың бірі де сендерді көзүрткі етпес. Қолынан келгенінше қамқор болар. Есесіне сендер де Аралбай Махамбетовтің балаларымыз деп кеуделерің ашық, жүздерің жарқын жүріңдер. Өкінішім, жас қалып барасындар. Аяулы аналарың аялар, қиналсаңдар, менің қызметтес болған достарымның қай-қайсысы болсын, сендерге қамқор қолын соза алады.

Алайда сендер де, менің қимас перзенттерім, оларға мендей адалдық таныта біліңдер. Өз орталарында алар орындарың болсын. Ол үшін адамгершілік сабақтарын бойларыңа уялата біліңдер. Жан-жақты мол білім алыңдар. Сонда мұраттарыңа жетесіңдер!

Мен сендерге дүние қалдыра алмадым, есесіне тәрбиелі ұрпақ — сендерді мынау дүниеде қалдырып барамын деп көңілім тоқ, — деп жазыпты.

Перзенттеріне деген әкелік мейірімін төге отырып балаларына адами ізгілікті аманат етіпті. Өрине, өкініші де көп. Дегенде, өкінішінің жұбанышына жемдіре сөйлепті. Айналасын, ұрпағын жігерлендіре сөйлепті.

Уақыттан оза туған осындай адамдар болады. Көрініп қалайыны жоқ, бетегеден биік, жусаннан аласа тірлік кешеді. Есесіне, айналасына адал мейірім, кісілік шұағын шашып өтеді өмірден. Өлетте біз қазак қоғамы қалай жақсарды деп жатамыз басымызды қатырып. Оған жауап тапқандаймын. Қоғамда жақсы адамдар, жайсаң жандар көп болса, қазак қоғамы жақсарды. Өйткені адам — қоғамның басты байлығы! Ал білім, ізгілік, адамгершілік, қамқорлық — адамның басты байлығы. Аралбай — сондай адамның бірі. Ұрпақ бойына дүние қалдыра алмадым деп емес, еселенген білім мен есті тәрбиені әлі де молынан егіп үлгерме алмадым деп өкініп бара жатыпты марқұм мынау жалған дүние есігін жабарда...

...Досым ағасы туралы әрдайым әңгімелейді. Ол ағасы жайында әңгімелеген саяын көз алдыма бірсыпыра жыл Қызылорда облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған, үлкен кішіге бірдей сыйлы болған, толық білім, кәміл кісілік иесі бола білген азамат бейнесі елестейді. Қаншама үлгі-өнеге қалдырып өткен азамат! Мынау қазак қоғамына бір жетпесе ізгілік жетпейді.

«Адам бекерге жасамайды» деймін мен досыма! Адам бекерге жасамайды.

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**  
**ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

/// 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ АЗАМАТТЫ ШЫҢДАЙДЫ

Әскери қызмет — ер-азаматты биікке жеткізетін аса жауапты сала. Мемлекет тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы міндетін адал атқарып, аянбай еңбек етіп келе жатқан сарбаздар ерлігі көпке үлгі. Мұнда қызмет ету төзімділік пен табандылықты қажет етеді. Қиындығы мен жауапкершілігі мол жолда құрметке бөленіп жүрген жандар жетерлік. 5547 әскери бөлімі кадр қызметінің бастығы, капитан Серік Балмашов Отанға адал қызмет ету әрбір азаматтың борышы деп санайды.



Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Ол 1989 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Отбасындағы тұңғыш перзент. Ата-анасы Қашқынбай Балмашов пен Базарқұл Мамбеталиева бүгінде бейнеттің зейнетін көруде. Әкенің қайсар мінезі ұлдарына дарып, олар әскери саланы таңдады. Інісі Берік те ҚР Ұлттық ұланда келісімшарт бойынша борышын өтеп келеді.

Серік жастайынан білімге құштар, өжет бала болды. Қаладағы №173 мектепті үздік бітіріп, Қызылорда гуманитарлық заң колледжине оқуға түсіп, «Құқықтану» мамандығын алды. Ізденімпаз жігіт кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін және Халықаралық гуманитарлық-техникалық білім ордасын ойдағыдай бітіріп, білімін шыңдады.

2008 жылы Қарулы күштер қатарына шақырылып, мерзімді әскери қызметінен бастап, Ұлттық ұлан қатарында түрлі маңызды міндеттер атқарды. Өзіне жүктелген істі жауапкершілікпен тыңғылықты орындап, көзге түсті.

Астана қаласындағы 6636 әскери бөліміндегі мерзімді қызметте де жақсы жағынан көрінді. Кейін туған жерге келіп, жұмысын жалғастырды. Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі ақпараттық-техникалық қызмет бөлімшесінің инженері, 5547 әскери бөлімі атқышар ротасының маман іс-жүргізушісі, саптық бөлімнің аға маманы, іздестіру және барлау тобының бөлініс бастығы болды. Қазір әскери бөлімде кадр қызметін басқарады.

— Біздің қызмет қаншалықты жауапты екені баршаңызға белгілі. Өйткені ел қорғаны ержүрек сарбаздарды даярлау — салмақты жұк. Сондай-ақ тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп келеміз, — дейді С.Балмашов.

Ол — әскери құжат айналысының қырағы бақылаушысы. Бұйрықтардың заңдылығы, хаттамалардың сауаттылығы, құжаттардың ресмилігі мен нақтылығы — күнделікті ісі. Өз жұмысын

ұқыпты атқаратын оны әріптестері де құрмет тұтады.

Білікті маманның бағындырған белесі мен ерен еңбегі мерейін үстем етіп, марапат төрінен көрінді. Атап айтар болсақ, «ҚР Қарулы күштеріндегі мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалін, «Қазақстан полициясына 30 жыл» мерекелік медалін және «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» төсбелгісін иемденді.

Серік — қызметте мықты маман, үйде отбасының тірегі. Жары Мәншүк Жасұланқызы екеуі 3 қыз тәрбиелеп отыр. Ісі адал, сөзі нық Серікті кейінгі буын әріптестері де үлгі етеді.

**Сара АДАЙБАЕВА,**  
**«Сыр бойы»**

/// ЖЕҢІС — 81



Суретші Аманжол Дүргенов

## ЕР-АЗАМАТ ОРНЫНА АТҚА ҚОНҒАН

Соғыстың суық хабары жүректерді мұздай қарығанда, ауыл қаныра бос қалғанда, ер-азаматтар атқарған тіршіліктің зіл батпан салмағы әйел затына, жасы келген ақсақалдарға, қала берді буыны қатпаған балалардың иығына артылды.

Азаматы мен баласынан хабар күткен әйелдер, қайраты қайтқан қариялар, жас балалар... Бәрінің қолы күршіс отаудан, қолхоз жұмысынан, күршіс, бидай оранын, қала берді майдандағыларға шұлық, қолғап тоқудан босамайды.

Сүренсіз көрініс, күн құрғатпай келіп жататын «қара қағаз», әр үйден шыққан қаралы дауыс, жылау, жоқтау...

Өткен-ай, соғыс болмағанда ғой, әркім өз тіршілігін жазап, қайнап жатқан өмірдің ырғағын танып қалса еді, кім білсін?! Қайғыдан азап шегіп, сырқат кеудесін сүйреген қарт та, қара жамылған ана да, желегі желбіреген күйі жесір атанған жетпе де, бозторғайдай шырылған бала да жан-жағынан тірек іздейді. Мұндайда қайратына мініп кім шығады? Өрине, рухы мықтылар...

Соғысқа дейін алғашқы «Қызыл отауды» ұйымдастырған, 1935 жылы комсомол қатарына қабылданған Тән өзі он сегіз жасында мүше болып кірген Қармакшы ауданына қарасты бұрынғы Ворошилов атындағы қолхозда 1939 жылға дейін еңбек еткен еді. Мәдениет ауылында туып-өскен ол он үш жасынан қолхозда масақ терді, өгізбен жер жұртты. Күйеуі Орынбай Түменбаев соғысқа кеткенше Ворошилов қолхозының төрағасы болды. Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын орындау үшін жан аямады. Тән комсомол секретарлығын, Қосарық ауылдық кітапхана меңгерушілігін қосымша атқарды, кейін салық агентіне ауыстырылды.

Ертеректе №12 ауылдың төңірегінде Арықбай, Кезен серіктерін құрылып, кейін Ворошилов, Микоян, Түлбөгет қолхоздарына біріктірілген. Көп ұзамай тағы екі қолхоз Карл Маркс пен Көктөбе қосылды. Төрағасы Орынбай Түменбаев 1942 жылы соғысқа алын-

қатарына қосу болды. 1949 жылы Қармакшы ауданынан Компартияның IV съезіне делегат болып қатысты. Облыстан курс оқып, еңбек ете жүріп білімін жетілдірді. Ауылдық, поселкелік совет председателдерін, секретарларының дайындайтын жоғары даярлық курсына, Мәскеуден Жоғары партия мектебін бітірді.

Қосарық ауылдық советі атқару, кейін халықтық бақылау комитетін басқарды. «Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарында қой шаруашылығын өркендетуді ұйымдастыру» атты құалыға сөйкес, Қызылқұмның қойнағында «Жаңақала» қой совхозы құрылғанда Тән ана сонда қоныс аударды. Директорға кенесші болып еңбек етіп, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. Қазығы енді қағылған ауылдың бой түзеуіне елеулі үлес қосты.

— Соғыс уақытында қолхозда жұмыс істеген Раунақ деген апамыз біздің үйде жатқан екен. Марқұм сол кісі «Тән тәуліктің қай мезгілінде болсын, жағдайын айтқан адамның шаруасын бітіретін. Халықтың ұжыраты үшін күн демей, түн демей атына мініп кете беретін» дейтін.

Қайсар жан ұзақ жыл ат үстінде жүріп халықтың мұң-мұқтажына ден қойды. Комсомолда қызмет атқарғанда ауданға жаяу қатынағанын көзқарғандар айтып отырады екен. Бет қаратпайтын қарлы боранда, аспан айналып жерге түсердей ыстықта жалғыз, жаяу... Оның үстіне әйел адам. Елсіз жердегі қаптанған ит-құс зәресін алатын. Бірақ қоғам қажеттілігі, өзіне сенім артқан жұрттың игілігі үшін осындай табандылық керек еді.

Тылдағы еңбегі ескеріліп соғыс ардагеріне теңестірілген Тән анаға жеңіл көлік, пәтер алуға жеңілдіктер берілді. Бірақ қолдағы барына қанағат қылған ол отбасының амандығы мен халықтың тыныштығынан артық бақыт жоқ деп ұқты. Қарапайым тірлік кешіп, 1997 жылы өзі тұрған ауылда дүниеден озды. Ұрпақтары жоғары білімді, балалары, немерелері еліміздің әр қиырында еңбек етіп, өсіп-өнуде.

— Шешем мен туғанға қуанып, алты қанат үй тіккен екен. Қазір алпыс жылдай болды, сатуға кимаймын. Керегелері сәгіліп кетсе, сыммен емес, түйенің мойнағымен көктеймін. Бау-шұмы мен кизін орағанда, күйе жемес үшін арасына адыраспан саламын. Табиғи қалпын сақтап, ананың көзі ретінде қаладағы үй алдына тігіп қойғым келеді, — дейді Нұргиса Түменбай.

Жақында ауыл мектебіндегі 8-сынып оқушысы Інжу Нұрланқызы қолдағы құжаттар негізінде ардагер Тән Ерманқызы, оның тылдағы ерлігі туралы еңбек қорғалды. Ардагер аның ерен еңбегін республикаға танытып, өте жақсы баға алды. Бұл — ерліктің тағылымы ұмытылмайтынына, өскелең ұрпақ жандыда жаңғыра беретініне дәлел. Дегенмен тылдағы еңбек майданының басы-қасында жүріп, ер-азамат орнына атқа қонған Тән Түменбаеваның есімін есте қалдыру үшін өзі тұрған ауылдан, аудан орталығынан көше аты берілсе деген ұсыныс бар. Ардагердің ұрпақтары еңбектің бағасын білетін ел азаматтары ескерер деп үміттенеді.

**М.МЕРЕЙ**

Табиғи паркке айнала ма?

Тарихи кешен «Жосалы» станциясынан солтүстік шығысқа қарай 80 шақырым жерде. Онда қазба қалдықтары мен ежелгі тіршілік иелерінің іздері жақсы сақталған.

Алдағы уақытта бұл тарихи орынға халықтың қызығушылығын оятып, ішкі және сыртқы туризмді дамытуға ықпал етуіміз қажет деп ойлаймын. Бұл өңірдің табиғи-мәдени әлеуетін көрсетуге ерекше әсерін тигізеді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

БАҒЗЫДАН ЖЕТКЕН БАЙ МҰРА

Қазақ даласының топырағын түрте қалсаңыз, көне заманнан сыр шерткен қаншама құнды қазына алдыңнан шығады. Десе де өлі күнге дейін олардың кейбірін қарапайым халық біле бермейді.



Қазақ даласының топырағын түрте қалсаңыз, көне заманнан сыр шерткен қаншама құнды қазына алдыңнан шығады. Десе де өлі күнге дейін олардың кейбірін қарапайым халық біле бермейді.

Құм басқан құпиялар

Қазақстан аумағындағы жоғарғы бор дәуірінің біріктар құрлық-теңіз стратиграфиялық бірліктерінен омыртқалы жануарлардың қазба қалдығы табылған.

шығысында жүздеген шақырымға созылып жатқан Бозтөбе формациясы жан-жақты зерттелген. Мамандардың айтуынша, 1956 жылы Бозтөбе формациясындағы Шах-Шах шатқалынан орыс палеонтологтары К.В.Никифорова мен Н.А.Константинова алғашқы омыртқалы жануарлар соның ішінде тасбақалар, крокодилтәрізділер және динозаврлардың қазба қалдығын тапқан.



мыстары жүргізілгені бізге белгілі болып отыр. Табылған жәдігерлерді зерттеген ғалымдар олардың кай кездегі өмір сүргенін нақтылап, өз қорытындысын жасап шықты. Десе де бұл кешен қазірге дейін әлем ғалымдары тарапынан жоғары бағасын алып келеді.

бірнеше жаңа омыртқалы жануар мекендерін (соның ішінде Бөріойнақ, Бөйбіше және Егізқара) анықтады. Сондай-ақ 1980-1982 жылдары Жеркіндік формациясынан алғашқы омыртқалы қалдықтарды (Түлкікі) тапты.

Арал теңізінің алып кесірткесі

1968 жылы КСРО палеонтологы Анатолий Рождественский Арал теңізінің солтүстік-шығысындағы Бозтөбе шатқалы маңындағы Шах-Шах аумағынан сенсациялық жаңалық тапты.

Табылған қалдықтардың ішінде негізінен бас сүйегінің артқы жартысы (төменгі жақсүйегі жоқ) және кейбір дене сүйектері (мысалы, иық сүйегі, жамбас сүйектері, аяқ сүйектері) болды.

Аралозавр – гадрозаврлар тұқымдасына (Hadrosauridae) жататын шөпкөректі динозавр. Оның ұзындығы шамамен 8-10 метр, биіктігі 3-4 метр болған деп есептеледі.

Әрине, бұл дүниелердің барлығы алдағы уақытта зерделі зерттеуді, ауқымды еңбекті қажет етеді. Осы орайда тиісті сала мамандары және ғалымдар тарапынан жүйелі жұмыс жүргізіледі деген ойламыз.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

АЙБЫН

ТӨЗІМ МЕН ҚАЙРАТ СЫНАҒЫ

Отан қорғаушылар күніне орай Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы 5547 әскери бөлімінің жеке атқыштар ротасында сарбаздар арасында дәстүрлі «Мен Отанымның қорғаны» атты патриоттық сайыс ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты – жас сарбаздардың бойындағы отансүйгіштік қасиетті нығайту, әскери қызметке деген жауапкершілікті арттыру, олардың физикалық дайындығы мен жауынгерлік рухын шыңдау.

нымен қатар, сайыс қатысушылар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастырып, ұжымдық бірлікті күшейтуге бағытталды. Сарбаздар бірнеше кезеңнен тұратын эстафеталық спорт түрлері бойынша өза-

ра бақ сынады. Онда жылдамдық пен төзімділікті талап ететін жүгіру, күш сынасу элементтері және командалық үйлесімділікті қажет ететін тапсырмалар қамтылды. Әр кезеңде қатысушылар ептілігін, шапшаңдығын және ұйымшылдығын дәлелдеді.

Дәстүрлі дода жоғары деңгейде өтті. Командалар әр сайыста мықтылығын, әскери дайындықтың жақсы деңгейде екенін айқын көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша үздік нәтижеге жеткен сарбаздар арнайы дипломдармен және Алғыс хаттармен марапатталып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Мұндай мазмұнды шаралар жас сарбаздардың рухын көтергіш қана қоймай, олардың Отан алдындағы борышын адал атқаруына, ел қауіпсіздігін қорғауға деген сенімін нығайта түседі.

«СБ» ақпарат



«QAMQOR» ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті кәсіпкерлерге арналған «Qamqor» ұялы қосымшасын іске қосты.

Негізгі жаңашылдығы – тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген QR кодты оқитын функционалы. Кәсіпкер аталған кодты сканерлеп, тексерушінің тексеру мерзімі мен түрі туралы және т.б. нақты ақпаратты көріп, оны қағаз үлгідегі актімен салыстыра алады.

Сондай-ақ кәсіпкер тағайындалған хабарламаны алған соң, тексеру басталғанға дейін қойылатын талаптармен таныса алады.

Тексеру аяқталған соң, кәсіпкер қосымша арқылы көрсетілген бұзушылықтар туралы қорытындымен таныса алады.

Ұялы қосымшада тағайындалған тексеру туралы хабарлау және тексерушінің іс-әрекетіне шағымдану мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы бұл қосымша мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ғ.ТІЛЕУЖАН, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Қызылорда облысы заң департаментінің аға прокуроры

Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Байланыс телефоны: +7 (7242) 60-54-08, 60-54-07.

Өтінімдерді қабылдау нысанына: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Өтінімдерді беру орны: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2026 жылдың «1» маусымынан бастап 2026 жылдың «15» маусым аралығы (жұмыс күндері).

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 2026 жылдың «1» маусымы сағат 09:00.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 2026 жылдың «15» маусымы сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдерді қабылдамайтын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге ұміткер бола алады:

1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарының жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдарды;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;

- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);

- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлғаларын – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды;

- наркологиалық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды қуғын-судтану, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлқында ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімінің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуға және әлеуметтік бейімделуге қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;

- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілері (волонтерлерді) оқыту;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериятриалық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімінің ішкі ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.